

Зеленов ауданы Көшім ауылдық округінің Жаңатаң елді мекеніне карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшіні жойған

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 тамыздағы N 362 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 3 қыркүйекте N 7-7-115 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 қыркүйектегі N 395 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімдігінің 15.09.2010 N 395 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы, 2 тармағы, 9 тармақшасын басшылыққа алып және Зеленов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылғы 20 тамыздағы N 1-11-748 ұсынысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Зеленов ауданы Көшім ауылдық округінің Жаңатаң елді мекеніне пастереллез ауруы анықталуына байланысты карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. И б р а г и м о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Ғ. Қапақов